АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ АТЫНДАҒЫ № 92 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ № 92» ИМЕНИ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ» АКИМАТА ГОРОДА АСТАНА

Астана қ. А-351 көшесі, ғимарат 3
БСН210940038944
E-mail: 92ml@edu.kz

г. Астана ул. А-351, здание 3
БИН210940038944
E-mail: 92ml@edu.kz

БҰЙРЫҚ

04.09.2026 ж. № 311

ПРИКАЗ

_____ № _____

2026 – 2027 оқу жылында мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 43-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына, 48 және 48-1-баптарына сәйкес, «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген қағидаларға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтандыру стандартының 3-тарауының 64, 66-тармақтарын орындау мақсатында, Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы бекіткен үлгілік перспективалы төрт апталық маусымдық ас мәзіріне сәйкес білім алушыларды сапалы және қауіпсіз ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. 2026-2027 оқу жылында 1-11 сынып оқушылары үшін барлық қажетті санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, оқушылардың болу ұзақтығын ескере отырып, осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы бекіткен үлгілік перспективалы төрт апталық маусымдық ас мәзіріне сәйкес ыстық тамақ ұйымдастырылсын.

2. Қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі өкілдерінің, білім беру ұйымының медициналық пункті медицина қызметкерінің қатысуымен тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссияның (бракераж комиссиясы) құрамы бекітілуін директордың тәрбие

жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.Кизатуллинаға, А. Капетоваға жүктелсін.

3. Тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссияның (бракераж комиссиясының) 2026-2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А. Ахметова мен әлеуметтік педагог Г. Асанханға жүкітелсін.

4. Тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссияға білім алушыларды тамақтандырудың сапасына тұрақты мониторинг жүргізу, бекітілген үлгілік перспективалы төрт апталық маусымдық ас мәзірінің сақталуын және санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын бақылау директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А. Ахметоваға, әлеуметтік педагог Г. Асанханға, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары А. Кизатуллинаға, А. Капетоваға міндеттелсін.

5. Білім беру ұйымының медициналық пункті медицина қызметкеріне білім алушыларды тамақтандыру кезінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылау мектеп медбикесі Ж.Нурпейсоваға тапсырылсын.

6. Бас есепші А.Чинябековаға бастауыш сынып оқушылары үшін тамақтандыруды ұйымдастыруға қарастырылған, бөлінген қаражаттардың мақсатты орындалуы мен жұмсалуы бойынша уақытылы шаралар қабылдап, жүзеге асыру тапсырылсын.

7. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қаралуды үйлестіру жұмысы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Оспановаға жүктелсін.

8. Интернет-ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру жөнінде ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) берілуін жүзеге асыру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Оспановаға жүктелсін.

9. Тамақтанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уақытылы берілсін.

10. Тамақтану кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.

11. Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылау Г.Асанханға жүктелсін.

12. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі қатаң түрде мектептің санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес (газдалған сусындар, фасфудтар, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.

13. Тамақтану кесте бойынша және сынып жетекшілерінің қатысуымен өтсін.

14. Мектеп ішінде ата-аналардың, оқушылардың тарапынан сырттан тамақ әкелуіне тыйым салынсын. Сынып жетекшілерге осы талаптардың жүзеге асуына бақылау жүргізу жүктелсін.

15. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

16.Осы бұйрық қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Астана қ. «Білім басқармасы» ММ-нің 04.09.2026 жылғы №2342 бұйрығы

Директор **О. Жолдасбекова**

«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АСТАНЫ »

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 2342 от 04.09.2026

_____№_____

_____№_____

Ибрагимова Айгерим Аманжоловна 07.09.2026 09:18

Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы және бір реттік құнын бекіту туралы бекітілген үлгілік ыстық тамақ перспективалы төрт апталық 2026-2027 оқу жылына арналған маусымдық мәзір

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 43-бабының 2-тармағының 11 тармақшасына, 48 және 48-1-баптарына сәйкес, «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру, мектептен тыс қосымша білім беру, сондай-ақ тауарларды сатып алу, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленетін және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығымен бекітілген, сондай-ақ Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтандыру стандартының 3-тарауының 64, 66-тармақтарын орындау үшін мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларында, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР бұйрығымен бекітілген ДСМ-302/2020

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2026-2027 оқу жылында 1-11 сынып оқушылары үшін барлық қажетті санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, оқушылардың болу ұзақтығын ескере отырып, осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы бекіткен үлгілік перспективалық төрт апталық маусымдық ас мәзіріне сәйкес ыстық тамақ ұйымдастырылсын.

2. Қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі өкілдерінің, білім беру ұйымының медициналық пункті медицина қызметкерінің қатысуымен тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссияның (бракераж комиссиясы) құрамы бекітілсін. Орта білім беру ұйымының басшысы комиссия төрағасы болып белгіленсін.

3. Тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссияның (бракераж комиссиясы) 2026-2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Н.Т. Еламановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы **К. Сеңгазыев**

Ибрагимова Айгерим Амангельдиевна 07.09.2026 09:19